



Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі  
Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру  
комитеті Төрағасының 2016 жылғы  
« 16 » қаңтардағы № 99 бұйрығымен  
БЕКІТІЛГЕН

**«ӘЛЕУМЕТТІК МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ ҚОРЫ»  
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ  
ЖАРҒЫСЫ**

АСТАНА 2016 ЖЫЛ

## 1. Жалпы ережелер

1. Осы «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» коммерциялық емес акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қор) Жарғысы оның атауын, орналасқан жерін, құқықтық мәртебесін, оның органдарын қалыптастыру тәртібін және құзыретін, Қордың құқытары мен міндеттерін, қайта ұйымдастыру және оның қызметін тоқтату шарттарын және Қазақстан Республикасының заңына қайшы келмейтін басқа ережелерді айқындайды.

«Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және Ұлттық экономика министрліктерінің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 17 ақпандағы № 71 қаулысына сәйкес Кәсіпорын «Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» коммерциялық емес акционерлік қоғамы болып қайта аталды.

*Ескерту. ҚР Денсаулық сақтау министрінің 14.04.17 ж. № 163 (осы бұйрық Қордың жалғыз акционерінің шешімі болып табылады және қол қойылған күннен бастап күшіне енеді) бұйрығына сәйкес 1-тармақ екінші абзацпен толықтырылды.*

2. Қордың толық атауы:

1) қазақ тілінде: «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» коммерциялық емес акционерлік қоғамы;

2) орыс тілінде: некоммерческое акционерное общество «Фонд социального медицинского страхования»;

3) ағылшын тілінде: «Social Health Insurance Fund» non-profit Joint Stock Company.

3. Қордың қысқартылған атауы: 1) қазақ тілінде – «ӘМСҚ» КЕАҚ;

2) орыс тілінде - НАО «ФСМС»;

3) ағылшын тілінде - «SHIF» NPJSC.

4. Қордың атқарушы органының орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Есіл ауданы, Достық көшесі, 13/3, 15-қабат.

*Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 06.08.19 ж. № 431 (осы бұйрық Қордың жалғыз акционерінің шешімі болып табылады және қол қойылған күннен бастап күшіне енеді) бұйрығына сәйкес.*

5. Қордың корпоративтік сайты – [www.shif.kz](http://www.shif.kz)

## 2. Қордың заңдық мәртебесі

6. Қор «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорын құру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 1 шілдедегі № 389 қаулысына сәйкес құрылған.

7. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің атынан Қазақстан Республикасының Үкіметі Қордың құрылтайшысы болып табылады. Қордың мемлекеттік акциялар пакетіне иелік ету және пайдалану құқығын Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі жүзеге асырады.

*Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 14.04.17 ж. № 163 (осы бұйрық Қордың жалғыз акционерінің шешімі болып табылады және қол қойылған күннен бастап күшіне енеді) бұйрығына сәйкес.*

8. Қор негізгі мақсаты пайда табу болып табылмайтын, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес коммерциялық емес ұйым болып табылады.

Осы тармақтың бірінші абзацының ережелерін ескере отырып, «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 64-бабының 3-тармағына сәйкес:

- Қорға аффилирлену түсінігі және оған қатысты ережелер қолданылмайды, сондықтан Қор өзінің аффилиирленген тұлғаларының есебін жүргізбейді;

- Қорға «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының мүдделілігі бар мәмілелер бөлігінде ерекше жағдайлар белгіленген Қор мәмілелерін жатқызу туралы түсінігі мен ережелері қолданылмайды;

- Қор аффилиирленген тұлғалар және мүдделілігі бар мәмілелер бойынша есептілікті қаржы есептілігі депозийтарийіне ұсынбайды;

- Қордың Директорлар кеңесі тәуелсіз мүшелерінің құрамына сайлау кезінде оларға аффилиирлену критерийлері қолданылмайды.

9. Қор өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексін, «Акционерлік қоғамдар туралы», «Коммерциялық емес ұйымдар туралы», «Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының өзге нормативтік құқықтық актілерін, осы Жарғыны, Қордың ішкі құжаттарын, Қор органдары мен лауазымды адамдарының белгіленген тәртіппен құзыреті шегінде қабылданған шешімдерін басшылыққа алады.

Реттеу тәртібі осы Жарғымен, Қор лауазымды адамдарының шешімдерімен айқындалмаған мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен Қор органдары мен лауазымды адамдарының құзыреті шегінде шешілуге жатады.

10. Қордың мөрі, банк шоттары, дербес балансы бар, өз атынан мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарды сатып ала алады және жүзеге асыра алады, міндетке ие, сотта талап қоюшы және жауапкер бола алады.

11. Үлгілерін Қордың Басқармасы бекітетін және заңнамамен белгіленген тәртіппен тіркелетін Қордың өзінің сауда белгсі және өзге рәмізі, сондай-ақ «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заңға сәйкес тілдерде мөртаңбасы, фирмалық бланкі және өзінің қызметін жүзеге асыру үшін қажетті басқа деректемелері болуы мүмкін.

12. Қор әділет органдарында тіркелген сәттен бастап заңды тұлға мәртебесіне ие болады.

13. Қор өзінің міндеттемелері бойынша және өз мүлігі шегінде жауап береді.

14. Қор өзінің Жалғыз акционерінің міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Жалғыз акционер Қордың міндеттемелері бойынша жауап бермейді және Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген жағдайларды қоспағанда, Қордың қызметімен байланысты залалдардың тәуекелін оған тиесілі акциялардың құны шегінде көтереді.

### 3. Қордың мүлiгi

15. Қор өзiнiң қызметiн Қордың активтерiнен алатын комиссиялық сыйақының есебiнен жүзеге асырады. Комиссиялық сыйақының пайыздық мөлшерлемесiнiң шектi шамасын Қазақстан Республикасының Үкiметi жыл сайын белгiлейдi.

16. Қордың мүлкi:

- 1) акционердiң Қордың акцияларын төлеуге берген мүлiгi;
- 2) комиссиялық сыйақы;
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған негiздемелер бойынша сатып алынатын өзге мүлiктер есебiнен қалыптастырылады.

17. Қордың жарғылық капиталын ұлғайту Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

### 4. Қордың активтерi

18. «Мiндеттi әлеуметтiк медициналық сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қордың активтерi аударымдар, жарналар, аударымдарды және (немесе) жарналарды төлеу мерзiмi өтiп кеткендiгi үшiн алынған өсiмпұл, қордың қызметiн қамтамасыз етуге арналған комиссиялық сыйақыны шегергендегi инвестициялық кiрiс және Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген өзге түсiмдер болып табылады.

19. Қордың активтерi:

1) аударымдар, жарналар, аударымдарды және (немесе) жарналарды төлеу мерзiмi өтiп кеткендiгi үшiн алынған өсiмпұл, қордың қызметiн қамтамасыз етуге арналған комиссиялық сыйақыны шегергендегi инвестициялық кiрiстiң;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған Қорға өзге түсiмдердiң есебiнен қалыптастырылады.

20. Қордың активтерi тек қана мына:

1) мiндеттi әлеуметтiк медициналық сақтандыру жүйесiнде медициналық көмек көрсету жөнiндегi шығыстар мен iс-шараларға ақы төлеу;

2) тiзбесiн Қазақстан Республикасының Үкiметi айқындайтын қаржы құралдарына орналастыру;

3) аударымдардың және (немесе) жарналардың артық төленген сомаларын, қате есепке жазылған өзге де қаражатты қайтару мақсаттарына пайдаланылуы мүмкiн.

21. Қордың активтерi:

1) кепiл нысанасы бола алмайды;

2) оларды кредиторлардың талап етуi бойынша өндiрiп алуға;

3) тыйым салу нысанасы немесе өзгеше түрде ауыртпалық салу нысанасы бола алмайды;

4) оларды Қордың және үшiншi тұлғалардың мiндеттемелерi бойынша инкассолық өкiммен өндiрiп алуға болмайды;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген жағдайларды қоспағанда, оларды сенiмгерлiк басқаруға беруге болмайды;

б) мерзімінде орындалмаған салық міндеттемесінің орындалуын қамтамасыз ету нысанасы бола алмайды.

## 5. Қордың мақсаттары, қызметінің түрлері және функциялары

22. Қор қызметінің мақсаты Қор активтерінің есебінен медициналық қызметтерді тұтынушыларға медициналық көмек көрсету бойынша құқықтық, экономикалық және ұйымдастыру шаралары кешенін қамтамасыз етуге бағытталған әлеуметтік мақсаттарға қол жеткізу болып табылады.

23. Қор мемлекеттік монополияға жататын мынадай қызметтің түрлерін:

- 1) аударымдар мен жарналарды шоғырландыруды;
- 2) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық көмек көрсету бойынша денсаулық сақтау субъектілерінің көрсетілетін қызметтеріне ақы төлеуді жүзеге асырады.

*Ескерту. 23-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 10.03.22 ж. № 166 (осы бұйрық Қордың жалғыз акционерінің шешімі болып табылады және қол қойылған күннен бастап күшіне енеді) бұйрығына сәйкес.*

24. Қор мемлекеттік монополиямен технологиялық байланысты мынадай қызмет түрлерін:

- 1) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру шеңберінде медициналық көрсетілетін қызметтерді тұтынушыларды есепке алуды жүргізуді;
- 2) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық көмек көрсетуді жүзеге асыратын денсаулық сақтау субъектілерін есепке алуды жүргізуді;
- 3) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінің ақпараттық жүйесі мен электрондық ақпараттық ресурстарын құруды және дамытуды жүзеге асырады.

25. Қор мынадай функцияларды:

- 1) медициналық көмек көрсететін тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық қызметтерді сатып алу шартымен көзделген көлемдерде және шарттарда денсаулық сақтау субъектілерінің қызметтерін сатып алуды және ақы төлеуді;
- 2) медициналық көрсетілетін қызметтерді тұтынушыларға көрсетілген медициналық көмектің сапасы мен көлемі бойынша денсаулық сақтау субъектілерінің шарттық міндеттемелерінің орындалуы бойынша мониторинг жүргізуді;

*Ескерту. 25-тармағының 2) тармақшасы жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 10.03.22 ж. № 166 (осы бұйрық Қордың жалғыз акционерінің шешімі болып табылады және қол қойылған күннен бастап күшіне енеді) бұйрығына сәйкес.*

- 3) азаматтар мен заңды тұлғалардың тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру

жүйесінде медициналық көмек көрсету мәселелері жөніндегі шағымдары мен өтініштерін қарауды жүзеге асырады;

4) тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық көмек көрсетуді жүзеге асыратын денсаулық сақтау субъектілерін есепке алуды жүргізуді;

5) тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық көмек көрсетуге үміткер денсаулық сақтау субъектілерінің дерекқорын қалыптастыруды;

6) әкімшілік орган ретінде Қор қызметінің мәселелері бойынша жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарауды жүзеге асырады.

*Ескерту. 25-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 06.04.18 ж. № 155 (осы бұйрық Қордың жалғыз акционерінің шешімі болып табылады және қол қойылған күннен бастап күшіне енеді) бұйрығына сәйкес.*

*Ескерту. 25-тармағының 4), 5) және 6) тармақшалары жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 10.03.22 ж. № 166 (осы бұйрық Қордың жалғыз акционерінің шешімі болып табылады және қол қойылған күннен бастап күшіне енеді) бұйрығына сәйкес.*

*26. Алынып тасталды - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 06.04.18 ж. № 155 (осы бұйрық Қордың жалғыз акционерінің шешімі болып табылады және қол қойылған күннен бастап күшіне енеді) бұйрығына сәйкес.*

## **6. Қордың құқықтары мен міндеттері**

27. Қордың:

1) өзінің қызметін жүзеге асыруға Қордың активтерінен комиссиялық сыйақы алуға;

2) көрсетілетін қызметтерді сатып алу шарты талаптарының орындалуына мониторингті жүзеге асыру үшін қажетті ақпарат пен құжаттаманы міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіне қатысушылардан сұратуға және алуға;

3) медициналық көмек көрсетуді жүзеге асыратын денсаулық сақтау субъектісіне бару арқылы көрсетілетін қызметтерді сатып алу шарты талаптарының орындалуын мониторингілеуді жүзеге асыруға;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте Қазақстан Республикасының аумағында филиалдары мен өкілеттіктерін құруға;

5) тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіндегі медициналық көмек тізбесін және тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіндегі медициналық көмек шеңберінде көрсетілетін медициналық қызметтерге арналған тарифтердің мөлшерлерін қалыптастыру жөніндегі ұсыныстар жасауға;

*Ескерту. 27-тармағының 5) тармақшасы жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 06.04.18 ж. № 155 (осы бұйрық Қордың жалғыз акционерінің*



*шешімі болып табылады және қол қойылған күннен бастап күшіне енеді) бұйрығына сәйкес.*

6) халық пен денсаулық сақтау ұйымдарының арасында тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру мәселелері бойынша консультациялық және түсіндіру жұмысын жүргізуге;

*Ескерту. 27-тармағының б) тармақшасы жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 06.04.18 ж. № 155 (осы бұйрық Қордың жалғыз акционерінің шешімі болып табылады және қол қойылған күннен бастап күшіне енеді) бұйрығына сәйкес.*

7) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқығы бар.

28. Қор:

1) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға арналған аударымдар мен жарналарды шоғырландыруды жүзеге асыруға;

2) тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіндегі көрсетілетін қызметтерді сатып алу шартының талаптарымен денсаулық сақтау субъектілерінің көрсетілетін қызметтеріне уақтылы ақы төленуін қамтамасыз етуге;

*Ескерту. 28-тармағының 2) тармақшасы жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 06.04.18 ж. № 155 (осы бұйрық Қордың жалғыз акционерінің шешімі болып табылады және қол қойылған күннен бастап күшіне енеді) бұйрығына сәйкес.*

3) Қордың уақытша бос тұрған қаражатын Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі арқылы қаржы құралдарына орналастыруға;

4) жыл сайынғы тәуелсіз аудиттің жүргізілуін қамтамасыз етуге;

5) аударымдардың, жарналардың қате төленген сомаларын және (немесе) аударымдарды және (немесе) жарналарды уақтылы және (немесе) толық төлемегені үшін өсімпұлды қайтаруды жүзеге асыруға;

6) Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен күтпеген шығыстарды жабу үшін резервінің қалыптастыруға;

*Ескерту. 28-тармағының б) тармақшасы жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 06.04.18 ж. № 155 (осы бұйрық Қордың жалғыз акционерінің шешімі болып табылады және қол қойылған күннен бастап күшіне енеді) бұйрығына сәйкес.*

7) тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіндегі медициналық көмекке жұмсалатын шығындарды жоспарлауға;

*Ескерту. 28-тармағының 7) тармақшасы жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 06.04.18 ж. № 155 (осы бұйрық Қордың жалғыз акционерінің шешімі болып табылады және қол қойылған күннен бастап күшіне енеді) бұйрығына сәйкес.*

8) тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіндегі денсаулық сақтау

субъектілерінің медициналық көрсетілетін қызметтерді тұтынушыларға көрсетілген медициналық көмектің сапасы мен көлемі бойынша шарттық міндеттемелерді орындауына мониторинг жүргізуге;

*Ескерту. 28-тармағының 8) тармақшасы жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 06.04.18 ж. № 155 (осы бұйрық Қордың жалғыз акционерінің шешімі болып табылады және қол қойылған күннен бастап күшіне енеді) бұйрығына сәйкес.*

9) азаматтар мен денсаулық сақтау ұйымдарының тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық көмек көрсету мәселелері жөніндегі шағымдары мен өтініштерін қарауға;

*Ескерту. 28-тармағының 9) тармақшасы жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 06.04.18 ж. № 155 (осы бұйрық Қордың жалғыз акционерінің шешімі болып табылады және қол қойылған күннен бастап күшіне енеді) бұйрығына сәйкес.*

10) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өзге де міндеттерді орындауға міндетті.

*Ескерту. 28-тармағының 10) тармақшасы жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 10.03.22 ж. № 166 (осы бұйрық Қордың жалғыз акционерінің шешімі болып табылады және қол қойылған күннен бастап күшіне енеді) бұйрығына сәйкес.*

29. Қор:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тікелей көзделген жағдайлардан басқа қордың активтеріне иелік етуге;

2) құрылтайшы болуға немесе өзге заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қатысуға;

3) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделмеген өзге де қызметпен айналысуға құқы жоқ.

## 7. Қордың акциялары

30. Қордың акциялары тек мемлекеттің меншігі болып табылады және иеліктен шығаруға жатпайды.

31. Қор өзінің қызметін жүзеге асыру үшін қаражат тарту мақсатында қарапайым акцияларды ғана шығара алады, оның кірістері бұл қорды дамытуға пайдаланылады.

32. Акциялар құжаттамалық емес нысанда шығарылады. Қарапайым акцияларды шығару шарттары мен тәртібін акцияларды шығару проспекті белгілейді.

33. Қарапайым акция Бірыңғай акционерге оның қарауына шығарылатын барлық мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға құқық береді.

34. Қор қарапайым акциялар бойынша дивидентерді есептемейді және төлемейді.



## 8. Қордың органдары

35. Қордың органдары:

- 1) жоғарғы орган - Жалғыз акционер;
- 2) басқару органы – Директорлар кеңесі;
- 3) алқалы атқарушы орган - Басқарма;
- 4) Қордың қаржы-шаруашылық қызметіне бақылауды, ішкі бақылау, қауіптерді басқару, корпоративтік басқару саласында құжаттарды орындау саласында бағалауды және Қордың қызметін жетілдіру мақсатында кеңес беруді жүзеге асыратын орган – Ішкі аудит қызметі.

36. Қорды басқару үрдісінде туындайтын қарым-қатынастар, оның ішінде акционер мен Қор органдарының арасындағы, Қор органдары арасындағы, Қор мен мүдделі тұлғалар арасындағы қарым-қатынастар Қазақстан Республикасының заңдарымен, Қорды корпоративтік басқару кодексімен және Қордың басқа да ішкі құжаттарымен реттеледі.

## 9. Қордың Қоғамдық-консультациялық кеңесі

*Ескерту. 9-бөлімнің тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 14.04.17 ж. № 163 (осы бұйрық Қордың жалғыз акционерінің шешімі болып табылады және қол қойылған күннен бастап күшіне енеді) бұйрығына сәйкес.*

37. Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде ұсынымдарды дайындау мақсатында Қорда міндетті әлеуметтік медициналық сақтандырудың жұмыс істеуі және оны дамыту мәселелері жөніндегі қоғамдық-консультациялық кеңес құрылуы мүмкін.

*Ескерту. 37-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 14.04.17 ж. № 163 (осы бұйрық Қордың жалғыз акционерінің шешімі болып табылады және қол қойылған күннен бастап күшіне енеді) бұйрығына сәйкес.*

38. Қоғамдық - консультациялық кеңес қоғамдық негізінде құрылады және оның мүшелеріне Қоғамдық - консультациялық кеңестегі жұмысы үшін қандай да бір сыйақы төлеуді көздемейді.

*Ескерту. 38-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 14.04.17 ж. № 163 (осы бұйрық Қордың жалғыз акционерінің шешімі болып табылады және қол қойылған күннен бастап күшіне енеді) бұйрығына сәйкес.*

39. Қоғамдық-консультациялық кеңестің құрамы коммерциялық емес ұйымдардың, қоғамдық бірлестіктердің, үкіметтік емес ұйымдардың, кәсіптік одақтардың, кәсіпкерлік субъектілерінің өкілдерінен және басқа да тұлғалардан қалыптасады.

Қоғамдық-консультациялық кеңестің құрамын Қор бекітеді.

*Ескерту. 39-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 14.04.17 ж. № 163 (осы бұйрық Қордың жалғыз акционерінің шешімі болып табылады және қол қойылған күннен бастап күшіне енеді) бұйрығына сәйкес.*

40. Қоғамдық - консультациялық кеңесті қалыптастыру тәртібі және қызметін ұйымдастыру Қоғамдық - консультациялық кеңестің қарауына жататын мәселелердің тізбесі, оның жұмысының регламенті және ол дайындаған ұсынымдарды ресімдеу тәртібі Қордың Директорлар кеңесі бекітетін тиісті ережемен айқындалады.

*Ескерту. 40-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 14.04.17 ж. № 163 (осы бұйрық Қордың жалғыз акционерінің шешімі болып табылады және қол қойылған күннен бастап күшіне енеді) бұйрығына сәйкес.*

## 10. Жалғыз акционер

41. Қазақстан Республикасының заңдарымен және/немесе осы Жарғымен Жалғыз акционердің құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдерді Жалғыз акционер өз бетімен немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына және Жалғыз акционердің тиісті Ережесіне сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және джекшелендіру комитетінің келісімі бойынша шешім қабылданатын мәселелерді қоспағанда осындай шешімдер қабылдау құқығы бар Жалғыз акционердің лауазымды тұлғасы қабылдайды және олар жазбаша түрде ресімделуге жатады.

42. Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген жағдайларды қоспағанда, мәселелерді Жалғыз акционердің қарауына шығару бойынша шығыстарға Қор жауап береді.

43. Жалғыз акционердің қарауына шығарылатын мәселелер бойынша материалдар осы мәселелер бойынша негізді шешімдер қабылдау үшін қажетті көлемдегі ақпаратты қамтуы тиіс.

44. Қор Директорлар кеңесінің құрамына сайлау мәселелері бойынша материалдар ұсынылып отырған кандидаттар туралы мынадай ақпаратты:

- 1) тегі, аты, сондай-ақ қалауы бойынша – әкесінің аты;
- 2) білімі туралы мәліметтер;
- 3) соңғы 3 (үш) жылдағы жұмыс орындары мен лауазымдары туралы мәліметтер;
- 4) кандидаттардың біліктілігін, жұмыс өтілін растайтын өзге ақпарат болуы тиіс.

45. Жалғыз акционердің қарауына Директорлар кеңесін сайлау (Директорлар кеңесінің жаңа мүшесін сайлау) туралы мәселе шығарылған жағдайда, материалдарда Директорлар кеңесінің мүшелігіне ұсынылып отырған үміткер Жалғыз акционердің өкілі болып табылатыны не табылмайтыны және (немесе) ол Қордың тәуелсіз директоры лауазымына үміткер болып табылатыны не табылмайтыны көрсетілуі тиіс.

46. Басқарма Жалғыз акционер шешімдерінің көшірмелерін сақтауды қамтамасыз етуі тиіс.

47. Жалғыз акционердің:

- 1) «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында және (немесе) Қордың Жарғысында көзделген тәртіппен Қорды басқаруға қатысуға;

2) Қор қызметі туралы ақпарат алуға, оның ішінде осы Жарғыда айқындалған тәртіппен Қордың қаржылық есептілігімен танысуға;

3) Қордың тіркеушісінен немесе нақтылы ұстаушыдан бағалы қағаздарға өзінің меншік құқығын растайтын көшірмелер алуға;

4) «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 63 және 74-баптарында көзделген жағдайларда, Қордың лауазымды адамдарының Қорға келтірілген залалдарды Қорға өтеуі және Қордың лауазымды адамдарының және (немесе) олардың аффилиирленген тұлғаларының ірі мәмілелер және (немесе) мүдделілік болуына орай жасалатын мәмілелер жасасу (жасасуға ұсыныс) туралы шешім қабылдау нәтижесінде алған пайданы (табысты) Қорға қайтаруы туралы талаппен өз атынан сот органдарына жүгінуге;

5) Қордың органдары қабылдаған шешімдерге сот тәртібінде шағымдануға;

6) Қорға оның қызметі туралы жазбаша сұраумен жүгінуге және Қорға сұрау келіп түскен күннен бастап күнтізбелік отыз күннің ішінде уәжді жауаптар алуға;

7) Директорлар кеңесінің отырысын шақыруды талап етуге;

8) өз есебінен аудиторлық ұйымның Қорға аудит жүргізуін талап етуге;

9) Қор таратылған кезде мүлікке;

10) Қордың Директорлар кеңесіне Қордың Жалғыз акционерінің қарауына шығарылатын мәселелер тізбесіне Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қосымша мәселелер қосуды ұсынуға;

11) Қордың ішкі қызметіне жататын мәселелер бойынша Қордың өзге органдарының кез келген шешімін жоюға;

12) егер көрсетілген шешіммен Қордың және (немесе) Жалғыз акционердің құқықтары мен заңды мүдделері бұзылса, сотта Қордың Директорлар кеңесі Қазақстан Республикасы заңнамасының және Қор Жарғысының талаптарын бұза отырып қабылданған шешіміне шағымдануға құқығы бар.

Жалғыз акционердің осы тармақта көзделген құқықтары толық емес. Жалғыз акционер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес басқа құқықтарды пайдалана алады.

48. Жалғыз акционер:

1) акцияларға ақы төлеуге;

2) 10 (он) күн ішінде Қордың тіркеушісіне және Жалғыз акционерге тиесілі акцияларды нақтылы ұстаушыны Қор акцияларын ұстаушылар тізілімін жүргізу үшін қажетті мәліметтердің өзгергені туралы хабарлауға;

3) Қор немесе оның қызметтік, коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге құпияны қамтитын қызметі туралы ақпаратты жарияламауға;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге міндеттерді орындауға міндетті.

49. Қор және Қордың тіркеушісі Қордың Жалғыз акционері осы Жарғының 48-тармағының 2) тармақшасымен белгіленген талаптарды орындамағаны үшін жауап бермейді.

50. Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне мынадай мәселелер жатады:

1) Қордың Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакцияда бекіту;

2) Корпоративтік басқару кодексін, сондай-ақ оған өзгерістер мен толықтыруларды бекіту;

3) Қорды ерікті түрде қайта ұйымдастыру немесе тарату;

4) Қордың жарияланған акциялар санын ұлғайту туралы шешім қабылдау;

5) Қор Директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттіктерінің мерзімін белгілеу, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Директорлар кеңесінің мүшелеріне өздерінің міндеттерін орындағаны үшін сыйақы төлеу және шығыстарын өтеу мөлшерлерін және шарттарын айқындау;

6) Қор Басқармасының төрағасын сайлау, өкілеттілік мерзімін белгілеу, сондай-ақ мерзімінен бұрын оның өкілеттілігін тоқтату шарттарын белгілеу;

7) Директорлар кеңесі туралы ережені бекіту;

8) Қорды қоғамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды белгілеу;

9) Қордың жылдық қаржылық есептілігін бекіту;

10) есептік қаржы жылындағы Қордың таза кірісін бөлу тәртібін бекіту;

11) Қордың қызметі туралы ақпарат беру тәртібін айқындау, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралын айқындау;

12) «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес акцияларды Қор сатып алу кезінде олардың құнын айқындау әдістемесін бекіту және оған өзгерістер енгізу;

13) олар бойынша шешім қабылдау Қазақстан Республикасының заңнамасымен және ішкі құжаттамамен Қор Жалғыз акционерінің айрықша құзыретіне жатқызылған өзге мәселелер.

51. Осы Жарғының 47-тармағының 11) тармақшасында, 50-тармағының 1), 5), 9) тармақшаларында көрсетілген, сондай-ақ Директорлар кеңесі Қордың ішкі қызметіне жататын мәселелер бойынша қабылдаған шешімдерін жою бойынша шешімдерді Жалғыз акционер мемлекеттік мүлік бойынша уәкілетті органмен келісім бойынша қабылдайды.

## **11. Қордың Директорлар кеңесі**

52. Қордың Директорлар кеңесі - Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен Жалғыз акционердің құзыретіне жатқызылған мәселелерді қоспағанда, Қордың қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асыратын Қор органы.

53. Қор Жалғыз акционерінің шешімі бойынша Директорлар кеңесінің мүшелеріне олар өздерінің міндеттерін орындау кезеңінде сыйақылар төленеді және олардың Қордың Директорлар кеңесі мүшелерінің функцияларын орындаумен байланысты шығыстары өтеледі. Осындай сыйақылар мен өтеу мөлшерлері Жалғыз акционердің шешімімен белгіленеді.

54. Қордың Директорлар кеңесі өзінің функцияларын Қазақстан Республикасының заңнамасына, Жарғыға, Корпоративтік басқару кодексіне, Қордың

Директорлар кеңесі туралы ережеге және Қордың өзге ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырады.

55. Қор Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне мынадай мәселелер жатады:

1) Қордың қызметін дамытудың стратегиялық бағыттарын анықтау;

2) жарияланған акциялардың саны шегінде акцияларды орналастыру (сату) туралы, оның ішінде орналастырылатын (сатылатын) акциялардың саны, оларды орналастыру (өткізу) тәсілі мен бағасы туралы шешім қабылдау;

3) Қордың даму жоспарын, сондай-ақ оған өзгерістер мен толықтыруларды Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте бекіту;

4) Корпоративтік басқару кодексін, сондай-ақ оған өзгерістер мен толықтыруларды алдын ала мақұлдау;

5) Директорлар кеңесі комитеттерінің сандық құрамын, комитеттердің өкілеттік мерзімін айқындау, комитеттердің төрағасы мен мүшелерін сайлау, олар туралы ережені бекіту;

6) Қор Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақының мөлшері, айқындау тәртібі және оны төлеу шарттары бойынша Жалғыз акционерге ұсыныстарды дайындау;

7) Директорлар кеңесінің жүргізілген жұмыс туралы есебін қамтитын Қордың жылдық есебін бекіту;

8) сандық құрамын, Басқарманың өкілеттік мерзімін айқындау және ол туралы ережені бекіту, оның Төрағасын және мүшелерін сайлау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;

9) Қор Төрағасының және Басқарма мүшелерінің лауазымдық жалақыларының мөлшерін және еңбек ақы төлеу мен сыйлықақы беру шарттарын айқындау;

10) Басқарманың Қордың ішкі құжаттамасына сәйкес есеп беруі арқылы Қор Басқармасының қызметіне бақылауды жүзеге асыру;

11) Қор Ішкі аудит қызметінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау және оның басшысын және мүшелерін тағайындау, сондай-ақ олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, Ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, Ішкі аудит қызметі қызметкерлеріне еңбекақы мен сыйлықақы мөлшерін және оларды төлеу шарттарын айқындау;

12) Корпоративтік хатшыны тағайындау, өкілеттік мерзімін айқындау және ол туралы ережені бекіту, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ корпоративтік хатшыға еңбекақы мен сыйлықақы мөлшерін және оларды төлеу шарттарын айқындау;

13) Қордың филиалдарын және өкілдіктерін құру және жабу туралы шешімдер қабылдау, сондай-ақ олар туралы ережені бекіту, оның ішінде өзгерістер мен толықтырулар енгізу;

14) Қордың ұйымдастырушылық құрылымын, лауазымдық жалақылардың схемаларын, жұмыскерлерінің штат санын бекіту;

*Ескерту. ҚР Денсаулық сақтау министрінің 06.08.19 ж. № 431 (осы бұйрық Қордың жалғыз акционерінің шешімі болып табылады және қол қойылған күннен*

*бастан күшіне енеді) бұйрығына сәйкес 55-тармақтың 14) тармақшасына өзгерістер енгізілген.*

15) Қордағы корпоративтік басқару практикасының тиімділігіне бақылауды жүзеге асыру;

16) Қордың ішкі қызметін реттейтін құжаттарды (Директорлар кеңесі туралы ережені және Қордың қызметін ұйымдастыру мақсатында Қордың Басқармасы қабылдайтын құжаттарды қоспағанда) бекіту;

17) Қордың есепке алу саясатын бекіту;

18) Қор тәуекелдерін басқару жүйесін сақтауды қамтамасыз ету және оның тиімділігін бағалау және Қор тәуекелдерін басқару жүйесін реттейтін құжаттарды бекіту;

19) Қордың ішкі бақылау жүйесінің тиімділігіне талдау жүргізуді қамтамасыз ету және Жалғыз акционерге атқарылған жұмыс туралы есеп беру;

20) Қордың қызметін дамытудың стратегиялық бағыттарын, Қордың даму жоспарын іске асыруда қолжеткізілген жетістіктер туралы есептерді қарау;

21) қаржылық есептіліктің аудиті үшін аудиторлық ұйымның, сондай-ақ Қор акцияларын төлеуге берілген мүліктің нарықтық бағасы жөніндегі бағалаушының қызметіне ақы төлеу мөлшерін анықтау;

22) Қордың жылдық қаржылық есептілігін алдын ала бекіту;

23) қызметтік, коммерциялық және Қазақстан Республикасының заңнамасымен қорғалатын өзге құпияны қамтитын Қор немесе оның қызметі туралы ақпаратты айқындау;

24) Қордың Жалғыз акционерінің қарауына шығарылатын мәселелерді алдын ала мақұлдау;

25) Қордың Жалғыз акционерінің айрықша құзыретіне жатпайтын, Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен көзделген өзге мәселелер.

56. Директорлар кеңесінің Қордың Жарғысына сәйкес Басқарманың құзыретіне жатқызылған, сондай-ақ Жалғыз акционердің шешімдеріне қайшы келетін мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға құқығы жоқ.

57. Тізбесі осы Жарғының 55-тармағында белгіленген мәселелер Басқармаға шешу үшін беріле алмайды.

58. Қор Директорлар кеңесінің Қордың Басқармасынан және Ішкі аудит қызметінен/Қордың аудиторынан толық көлемде және уақтылы ақпарат, түсіндірме мен түсініктеме алуға құқығы бар.

59. Жалғыз акционерге ұсынылатын Қордың қызметі туралы жыл сайынғы есептің бір бөлігі ретінде, Директорлар кеңесі өткен жылдың ішінде атқарылған жұмыс туралы есеп береді. Бұл ретте, Директорлар кеңесінің құрамы туралы ақпарат, осы Конституцияның 66-тармағына, сондай-ақ және өзге де ақпаратты Директорлар кеңесі мүшесін тәуелсіз деп тану себептері (критерийлері), сондай-ақ Директорлар кеңесі мүшесін тәуелсіз деп тануға әсер етуі мүмкін қарым-қатынастар мен жағдайлардың болуы, және жылдық есептің құрылымына сәйке өзге де ақпарат міндетті түрде ашып көрсетіледі.



## 12. Қордың Директорлар кеңесін сайлау

60. Қордың Директорлар кеңесі төрағадан және Жалғыз акционер сайлайтын оның мүшелерінен құралады.

61. Директорлар кеңесінің мүшелері:

1) Жалғыз акционердің өкілдері ретінде Директорлар кеңесіне сайлауға ұсынылған (ұсыным берілген) адамдар;

2) Қордың акционері болып табылмайтын және Жалғыз акционердің өкілдері ретінде Директорлар кеңесіне сайлауға ұсынылмаған (ұсыным берілмеген) жеке тұлғалар қатарынан сайланады.

62. Директорлар кеңесінің мүшесі оған Қордың жарғысына сәйкес жүктелген функциялардың орындалуын өзге адамдарға бере алмайды.

63. Басқарманың төрағасынан басқа Басқарма мүшелері Қор Директорлар кеңесінің құрамына сайлана алмайды. Басқарма төрағасы Директорлар кеңесінің төрағасы болып сайлана алмайды.

64. Директорлар кеңесіне үміткерлердің және Директорлар кеңесінің әрекет етуші мүшелерінің Жалғыз акционер мен Қордың мүдделерінде өздерінің міндеттерін орындау және Директорлар кеңесінің тиімді жұмысын ұйымдастыру үшін қажетті тиісті жұмыс тәжірибесі, білімі, біліктілігі, іскерлік және салалық ортадағы оң жетістіктері мен мінсіз беделі болуы тиіс.

65. Қор Директорлар кеңесінің мүшесі:

1) жойылмаған немесе Қазақстан Республикасының заңнамасы белгілеген тәртіппен алынбаған соттылығы бар;

2) бұрын Директорлар кеңесінің төрағасы, бірінші басшы (басқарма төрағасы), басшының орынбасары (басқарма төрағасының орынбасары), басқа заңды тұлғаның бас бухгалтері болған тұлға мәжбүрлі жою немесе мәжбүрлі акцияларын сатып алу, немесе белгіленген тәртіпте банкрот деп танылған басқа заңды тұлғаны тоқтатып қою туралы шешім қабылдағанға дейін кемінде бір жыл өткенше бола алмайды. Көрсетілген талап мәжбүрлі жою немесе мәжбүрлі акцияларын сатып алу немесе белгіленген тәртіппен банкрот деп танылған басқа заңды тұлғаны уақытша тоқтатып қою туралы шешім қабылданғаннан кейін 5 (бес) жыл ішінде қолданылады.

66. Қордың Директорлар кеңесі мүшелерінің саны 5 (бес) адамнан кем болмауға тиіс, оның кемінде 30 (отыз) пайызы Директорлар кеңесінің тәуелсіз мүшелері болуға тиіс. Директорлар кеңесінің мүшесі мынадай:

1) Қордың лауазымды адамдарымен бағыныстылығы жағынан байланысы жоқ және оны Директорлар кеңесіне сайлағанға дейінгі үш жылдың ішінде бұл адамдармен бағыныстылығы жағынан байланысы болмаған;

2) Қордың аудиторы болып табылмайтын және оны Директорлар кеңесіне сайлағанға дейінгі 3 (үш) жылдың ішінде болмаған;

3) Қордың аудитына аудиторлық ұйымның құрамында жұмыс істейтін аудитор ретінде қатыспайды және оны Директорлар кеңесіне сайлағанға дейінгі 3 (үш) жылдың ішінде осындай аудитқа қатыспаған;

4) мемлекеттік қызметші болып табылмайтын адам тәуелсіз болып танылады.

67. Директорлар кеңесінің барлық мүшелері өзінің кәсіби білімін және шеберлігін тұрақты түрде жетілдіруі тиіс.

### **13. Қордың Директорлар кеңесі мүшелерінің өкілеттік мерзімі**

68. Қор Директорлар кеңесінің мүшелері 3 (үш) жылдан аспайтын мерзімге сайланады. Қордың Директорлар кеңесін 6 жылдан артық мерзімге сайлаудың кез келген мерзімі Қор Директорлар кеңесінің құрамын сапалы жаңарту қажеттілігін ескере отырып, ерекше қарауға жатады. Бір адам Директорлар кеңесіне 9 (тоғыз) жыл қатарынан сайлана алмайды. Ерекше жағдайларда 9 (тоғыз) жылдан артық мерзімге сайлауға жол беріледі, бірақ бұл ретте осындай адамды Директорлар кеңесіне сайлау жыл сайын өтуі қажет.

69. Қор Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімін Жалғыз акционер белгілейді.

70. Жалғыз акционердің Қор Директорлар кеңесінің барлық немесе жекелеген мүшелерінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатуға құқығы бар.

71. Қор Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігін оның бастамасы бойынша мерзімінен бұрын тоқтату оның Қордың Директорлар кеңесіне жіберген жазбаша хабарламасының негізінде жүзеге асырылады.

Қор Директорлар кеңесінің осындай мүшесінің өкілеттігі Қордың Директорлар кеңесі осындай хабарламаны алған сәттен бастап тоқтатылады.

72. Директорлар кеңесінің мүшелері Қор Директорлар кеңесінің құзыреті шеңберінде мыналарға:

- 1) Қор Директорлар кеңесінің отырысын өткізуді талап етуге;
- 2) Қордың Директорлар кеңесі отырысының хаттамасына күн тәртібіндегі мәселелер және қабылданатын шешімдер бойынша өзінің ерекше пікірін енгізуді талап етуге;
- 3) Қордың Директорлар кеңесі және оның Комитеттерінің отырыстарына, Қордың Директорлар кеңесі және оның Комитеттерінің бекітілген күн тәртібі бойынша қаралатын мәселелерді талқылауға қатысуға;
- 4) белгіленген тәртіппен Қордың Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібіне мәселелерді енгізуге;
- 5) Қордың қызметі туралы, сондай-ақ Қордың жасырын және/немесе коммерциялық құпиясын құрайтын ақпарат алуға, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қордың барлық құжаттарымен және Қордың ішкі құжаттарымен танысуға;
- 6) Қор Директорлар кеңесінің жұмыс жоспарын қалыптастыру бойынша жазбаша ұсыныстар енгізуге;
- 7) Қор Директорлар кеңесін жазбаша хабарлау арқылы өзінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатуға;
- 8) сыйақы алуға, сондай-ақ Директорлар кеңесінің мемлекеттік қызметші болып табылатын мүшелерін қоспағанда, олардың Директорлар кеңесі мүшесінің міндеттерін орындаумен байланысты шығындарды (шығыстарды) өтеу құқығын алуға;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасымен, осы Жарғымен, Корпоративтік басқару кодексімен және Қордың басқа ішкі құжаттарымен көзделген өзге іс-қимылды жүзеге асыруға құқығы бар.

73. Қор Директорлар кеңесінің мүшелері:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасы, осы Жарғы, Корпоративтік басқару кодексі және Қордың Директорлар кеңесі туралы ереже қамтитын талаптарды, іскерлік этика қағидаттарын және қағидаларын Қор Жалғыз акционерінің және жалпы Қордың мүддесі үшін сақтай отырып, адал, парасатты және әділ әрекет етуге;

2) оларға Қордың Директорлар кеңесі мүшесінің міндеттерін орындауына байланысты белгілі болған Қор туралы ақпараттың құпиялылығын, соның ішінде Қордың ішкі құжаттарымен өзгеше белгіленбеген болса, Қордағы жұмысы тоқтатылған сәттен бастап 3 (үш) жылдың ішінде сақтауға;

3) Қордың ішкі құжаттарына сәйкес Қордың жағдайына мониторинг жүргізуге және басқа органдармен және Қордың лауазымды тұлғаларымен тұрақты қатынас орнатуға;

4) мүшелері болып табылатын Қордың Директорлар кеңесі комитеттерінің отырыстарына және жұмысына қатысуға;

5) өзінің болмау себебін көрсете отырып, Қор Директорлар кеңесінің отырысына қатыса алмайтындығы туралы алдын ала хабарлауға;

6) Қордың Директорлар кеңесімен басқа акционерлік қоғамның органдарына сайлауын немесе басқа ұйымға жұмысқа қабылдауын келісуге;

7) Қордың Директорлар кеңесін нәтижесінде Директорлар кеңесінің тәуелсіз мүшесі болуын тоқтататын мән-жайдың өзгеруі туралы 2 (екі) жұмыс күні ішінде хабарлауға міндетті.

#### **14. Қор Директорлар кеңесінің төрағасы**

74. Директорлар кеңесінің төрағасы жасырын дауыс беру арқылы Директорлар кеңесінің барлық мүшелерінің жалпы санының көпшілік даусымен оның мүшелерінің арасынан сайланады.

Директорлар кеңесі кез келген уақытта төрағаны қайта сайлауға құқылы.

75. Қор Директорлар кеңесінің төрағасы Қор Директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастырады, Қор Директорлар кеңесінің отырысын шақырады, оларда төрағалық етеді, отырыстарда хаттаманы осы Жарғымен белгіленген тәртіппен жүргізуді ұйымдастырады.

76. Қор Директорлар кеңесінің төрағасы болмаған жағдайда оның функцияларын Директорлар кеңесінің шешімі бойынша Директорлар кеңесі мүшелерінің бірі жүзеге асырады.

77. Қор Директорлар кеңесінің төрағасы:

1) Қордың Директорлар кеңесіне басшылық ету үшін жауап береді, оның жауапкерлік салаларының барлық аспектілері бойынша оның тиімді қызмет етуін қамтамасыз етеді, Қордың Жалғыз акционерімен тиімді байланысты қамтамасыз етеді;

2) Директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастырады;

3) Қордың атынан Қор Басқармасының төрағасымен Қор Басқармасы Төрағасын материалдық көтермелеу мен жауапкершілігінің Қор қызметінің нәтижелері мен Даму жоспарының орындалуына, дамудың стратегиялық бағыттарына қол жеткізуіне тікелей тәуелділігін көздейтін еңбек шартын жасасады.

3) Корпоративтік хатшымен бірлесіп белгіленген тәртіпте отырыста Қордың Директорлар кеңесі бекітетін күн тәртібін дайындауды ұйымдастырады;

4) Директорлар кеңесі мүшелерінің дәйекті және нақты ақпаратты алуын қамтамасыз етеді;

5) Қордың Директорлар кеңесінің өз функцияларын тиімді атқаруын бақылайды, соның ішінде отырыстардың ұдайлығы мен жиілігін бақылайды;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен көзделген өзге мәселелер бойынша шешімдер қабылдайды.

## **15. Қор Директорлар кеңесінің отырысын шақыру**

78. Қор Директорлар кеңесінің отырысы оның төрағасының немесе Басқарманың бастамасы бойынша не болмаса:

- 1) Қор Директорлар кеңесінің кез келген мүшесінің;
- 2) Ішкі аудит қызметінің;
- 3) Қордың аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымның;
- 4) Қор Жалғыз акционерінің талап етуі бойынша шақырылуы мүмкін.

79. Қордың Директорлар кеңесі отырысын шақыру туралы талап, Қордың Директорлар кеңесі отырысының ұсынылатын күн тәртібі және белгіленген тәртіппен келісілген тиісті материалдары бар тиісті жазбаша хабарлама жіберу арқылы Қордың Директорлар кеңесінің төрағасына қойылады.

80. Қордың Директорлар кеңесінің отырысын шақырудан негізсіз бас тарту немесе оның басқа да себептері болған жағдайда, бастамашы көрсетілген талаппен Қордың Директорлар кеңесі отырысын шақыруға міндетті Басқармаға жүгінуге құқылы.

81. Қордың Директорлар кеңесінің отырысын Қордың Директорлар кеңесінің төрағасы немесе Басқарма шақыру туралы талап келіп түскен күннен бастап күнтізбелік 7 (жеті) күннен кешіктірмей шақыруы тиіс.

*Ескерту. 81-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 06.04.18 ж. № 155 (осы бұйрық Қордың жалғыз акционерінің шешімі болып табылады және қол қойылған күннен бастап күшіне енеді) бұйрығына сәйкес.*

82. Қордың Директорлар кеңесі мүшелеріне хабарлама жіберу тәртібі Директорлар кеңесі туралы ережемен айқындалады.

83. Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар Директорлар кеңесінің мүшелеріне алдын ала жиналыс өткізілетін күннен кемінде күнтізбелік 7 (жеті) күннен кешіктірмей ұсынылады.

*Ескерту. 83-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 06.04.18 ж. № 155 (осы бұйрық Қордың жалғыз акционерінің шешімі болып табылады және қол қойылған күннен бастап күшіне енеді) бұйрығына сәйкес.*

84. Қор Директорлар кеңесінің мүшесі Қор Директорлар кеңесінің отырысына қатыса алмайтындығын алдын ала хабарлауға міндетті.

## **16. Қор Директорлар кеңесінің отырысы**

85. Қордың Директорлар кеңесі жылына кемінде 4 (төрт) реттен сирек отырыс өткізуі тиіс.

86. Қор Директорлар кеңесінің отырысын өткізу үшін кворум директорлар кеңесі мүшелері санының кемінде жартысын құрайды және қаралып жатқан мәселелерді талқылауға және олардың жазбаша түрде білдірілген дауыстары болған жағдайда директорлар кеңесінің қатыспаған мүшелері ескеріле отырып айқындалуы мүмкін (аралас дауыс беру).

87. Егер Қордың Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы саны кворумға қол жеткізу үшін жеткіліксіз болған жағдайда, Қордың Директорлар кеңесінің жаңа мүшелерін сайлау (тағайындау) мәселесін Қордың Директорлар кеңесі Жалғыз акционердің қарауына енгізуге міндетті. Директорлар кеңесінің қалған мүшелері осындай мәселені Жалғыз акционердің қарауына енгізу туралы ғана шешім қабылдауға құқылы.

88. Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі бір дауысқа ие болады. Қор Директорлар кеңесінің шешімдері Директорлар кеңесінің отырысқа қатысқан мүшелерінің жай көпшілік дауысымен қабылданады.

Дауыстар саны тең болған кезде Директорлар кеңесі төрағасының немесе Директорлар кеңесінің отырысына төрағалық етуші адамның даусы шешуші болып табылады.

89. Қордың Директорлар кеңесі оған тек Қор Директорлар кеңесінің мүшелері қатыса алатын жабық отырыс өткізу туралы шешім қабылдауға құқылы.

90. Қордың Директорлар кеңесінің шешімдері Қордың Директорлар кеңесінің қарауына енгізілген мәселелер бойынша сырттай дауыс беру арқылы жүзеге асырылуы мүмкін.

91. Сырттай дауыс беру Қордың Директорлар кеңесінің шақыру туралы бастамашылық жасауға құқығы бар тұлғалардың бастамасы бойынша жүргізіледі. Сырттай дауыс беру туралы талап Директорлар кеңесінің төрағасына жазбаша түрде ұсынылады және ішінде дауыс беруге қойылған нақты және біржақты тұжырымдалған сұрақтар болады.

92. Сырттай дауыс беру арқылы шешім қабылдаған кезде Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібі өзгертілуі және (немесе) толықтырылуы мүмкін емес. Директорлар кеңесі сырттай дауыс беру отырысының мәселелерді қарастыруға және олар бойынша шешім қабылдауға құқығы жоқ .

93. Қордың Директорлар кеңесінің сырттай отырысының шешімі Қордың Директорлар кеңесінің мүшелерінен келіп түскен бюллетеньдер қоса беріле отырып, хаттамамен рәсімделеді. Директорлар кеңесінің сырттай отырысының хаттамасына Директорлар кеңесінің төрағасы және Корпоративтік хатшы қол қояды.

94. Директорлар кеңесінің сырттай отырысының шешімі осындай шешім шығаруға негіз болған бюллетеньдердің көшірмелері қоса беріліп, Директорлар кеңесінің сырттай отырысының хаттамасына қол қойылған күннен бастап 20 (жиырма) күннен кешіктірмей Директорлар кеңесінің мүшелеріне жіберілуі тиіс.

95. Қор Директорлар кеңесінің ашықтық тәртіппен өткізілген отырысында қабылданған шешімдер хаттамамен ресімделеді, оны Корпоративтік хатшы жасап, оған Қор Директорлар кеңесінің мүшелері отырыс өткен күннен бастап 3 (үш) күн ішінде қолдарын қояды және ол мыналарды:

- 1) Қордың атқарушы органының толық атауы және орналасқан жерін;
- 2) отырыстың өткізілген күнін, уақытын және орнын;
- 3) отырысқа қатысқан адамдар туралы мәліметтерді;
- 4) отырыстың күн тәртібін;
- 5) дауыс беруге қойылған мәселелерді және олар бойынша Директорлар кеңесі отырысының әрбір күн тәртібі бойынша Директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің дауыс беру нәтижелерін көрсетілген дауыс беру қорытындылары;
- 6) қабылданған шешімдерді;
- 7) Қордың Директорлар кеңесі мүшелерінің атаулы дауыс беру нәтижелерін;
- 8) директорлар кеңесінің шешімі бойынша өзге де мәліметтерді қамтиды.

95-1. Директорлар кеңесінің көзбе-көз отырыстары қажет болған кезде бейнеконференцбайланыс, конференц-байланыс (бір мезгілде Директорлар кеңесі мүшелерінің телефон кеңесі режимінде сөйлесуі) арқылы, сондай-ақ өзге де байланыс құралдарын пайдалана отырып өткізіледі.

*Ескерту. ҚР Денсаулық сақтау министрінің 16.02.21 ж. № 72 (осы бұйрық Қордың жалғыз акционерінің шешімі болып табылады және қол қойылған күннен бастап күшіне енеді) бұйрығына сәйкес Жарғы 95-1 – тармағымен толықтырылды.*

96. Ерекше жағдайларда Қордың Директорлар кеңесі отырысының екі нысанын араластырып өткізуі мүмкін. Бұл бір немесе бірнеше Директор (30%-дан артық емес) Қордың Директорлар кеңесі отырысына жеке өзі қатыса алмаған жағдайға қатысты. Бұл ретте Директорлар кеңесінің қатыспайтын мүшесі қаралып отырған мәселелерді талқылауға техникалық байланыс құралдарын пайдалана отырып қатыса алады және өзінің пікірін жазбаша нысанда ұсынуы қажет.

97. Қордың Директорлар кеңесі отырыстарының материалдарын қоса алғанда, Директорлар кеңесі отырыстарының хаттамалары Корпоративтік хатшыда сақталады және оларды қабылдаған сәттен бастап 2 (екі) жыл өткен соң белгіленген тәртіппен Қордың мұрағатына беріледі.

98. Директорлар кеңесінің отырысына қатыспаған немесе Қордың Директорлар кеңесінің «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңы және Қоғам Жарғысының талаптарын бұза отырып, қабылдаған шешіміне қарсы дауыс берген Қор Директорлар кеңесінің мүшесі сот тәртібімен даулауға құқылы.

## 17. Қор Директорлар кеңесінің комитеттері



99. Аса маңызды мәселелерді қарау және Қордың Директорлар кеңесіне ұсынымдарды дайындау үшін Қорда Директорлар кеңесінің жанынан комитеттер құрылады.

100. Директорлар кеңесінің комитеттері мынадай:

- 1) стратегиялық жоспарлау;
- 2) кадрлар және сыйақы;
- 3) ішкі аудит;
- 4) әлеуметтік мәселелер;
- 5) медициналық қызметтер көрсету мәселелері бойынша;
- 6) корпоративтік қақтығыстарды реттеу;
- 7) Қордың ішкі құжаттарымен көзделген өзге мәселелерді қарайды.

101. Осы тармақта аталған мәселелерді қарау Директорлар кеңесінің бір немесе бірнеше комитетінің құзыретіне жатқызылуы мүмкін.

102. Директорлар кеңесінің комитеттері Директорлар кеңесінің мүшелерінен және нақты комитетте жұмыс істеу үшін қажетті кәсіби білімі бар сарапшылардан құралады. Директорлар кеңесінің комитетін Директорлар кеңесінің мүшесі басқарады. Функцияларына 100-тармақтың 1)-4) тармақшаларында көзделген мәселелерді қарау кіретін Директорлар кеңесі комитеттерінің басшылары (төрағалары) Директорлар кеңесінің тәуелсіз мүшелері болып табылады.

103. Басқарма төрағасы Директорлар кеңесі комитетінің Төрағасы бола алмайды.

104. Комитеттердің қызметі Қордың Директорлар кеңесі бекітетін құжаттарымен реттеледі, ол комитет мүшелерінің құрамы, құзыреті, сайлау тәртібі туралы, комитеттің жұмыс тәртібін, сондай-ақ олардың мүшелерінің құқықтары мен міндеттері туралы ережелерді қамтиды.

## **18. Қордың Басқармасы**

105. Қордың ағымдағы қызметін басқаруды алқалы атқарушы орган – Басқарма жүзеге асырады, оны Қор Басқармасының төрағасы басқарады, ол Қордың Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен басқа органдардың және Қор лауазымды адамдарының құзыретіне жатқызылмаған мәселелер бойынша шешім қабылдайды.

106. Басқарма Жалғыз акционердің және Қор Директорлар кеңесінің шешімдерін орындайды.

107. Басқарма Төрағасынан басқа Қор Басқармасының мүшелерін сайлау, олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату Қор Директорлар кеңесінің шешімі бойынша осы Жарғыға сәйкес жүзеге асырылады.

108. Қордың қызметкерлері Қор Басқармасының мүшелері бола алады.

109. Қор Басқармасының мүшелері өзінің құқықтарын жүзеге асыру және міндеттерін орындау кезінде адал әрекет етуі және Қордың және Қор Жалғыз акционерінің мүдделерін барынша көрсететін тәсілдерді пайдалануы тиіс.

110. Қор Басқармасы мүшелерінің:

1) Қор Басқармасының құрамында әрекет ете отырып, Қордың ағымдағы қызметін басқару бойынша мәселелерді шешуге;

2) Қордың қызметі туралы ақпаратты толық көлемде алуға, Қордың құрылтайшы, нормативтік, есепке алу, есеп, қаржы, шарттық және басқа құжаттарымен және материалдарымен, сондай-ақ Қор Басқармасының құзыретіне жататын мәселелерді шешу үшін қажетті аудиторлық қорытындылармен танысуға;

3) жоғарыда аталған құжаттардың және Қор басқармасының отырыстары хаттамаларының көшірмелерін алуға;

4) Қор Басқармасының жұмыс жоспарына және Қордың басқармасы отырысының күн тәртібіне ұсыныстар, сондай-ақ Қор Басқармасының жоспардан тыс отырысын шақыру туралы ұсыныстар енгізуге;

5) өзінің Қор Басқармасының шешімдерімен келіспеуін жазбаша түрде білдіруге және оны Қордың Директорлар кеңесіне жеткізуге;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген жағдайларда Қор Директорлар кеңесінің келісімен ғана басқа ұйымдарда жұмыс істеуге;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасымен, осы Жарғымен, Қордың ішкі құжаттарымен және Қордың Басқармасы туралы ережемен берілген өзге құқықтарды жүзеге асыруға құқығы бар.

111. Қор Басқармасының мүшелері:

1) Қор Басқармасының отырыстарына қатысуға;

2) Жалғыз акционердің, Директорлар кеңесінің және Қор Басқармасының шешімдері мен тапсырмаларын орындауға, Жарғыны, Корпоративтік басқару кодексінің және Қордың ішкі құжаттарының талаптарын сақтауға;

3) Қордың мүдделері үшін әрекет етуге, өзінің құқықтарын жүзеге асыруға және өзінің Қорға қатысты міндеттерін адал және дұрыс орындауға;

4) Қор туралы коммерциялық және өзге құпия ақпаратты жарияламауға;

5) өзінің қызмет орнын және Қор туралы алынған ақпаратты жеке мүддесіне пайдаланбауға, олардың жағдайын және білетін ақпаратты басқа адамдардың Қордың мүдделеріне қарсы пайдалануға жол бермеуге міндетті.

112. Қордың басқармасы мүшелерінің функциялары, құқықтары мен міндеттері Қазақстан Республикасының заңнамасымен, осы Жарғымен, Қордың Басқармасы туралы ережемен, сондай-ақ Қормен жасалатын еңбек шарттарымен айқындалады. Директорлар кеңесінің төрағасы Қордың атынан Басқарма төрағасымен жасалатын еңбек шартына қол қояды. Қор Басқармасының басқа мүшелерімен еңбек шарттарына Қор Басқармасының төрағасы қол қояды.

## **19. Қор Басқармасының құзыреті**

113. Қордың басқармасы:

1) әзірлеуді қамтамасыз етеді, Қор қызметін дамытудың стратегиялық бағыттарының тиісті жоспарын, Қордың даму жоспарын Қордың Директорлар кеңесінің қарауына енгізеді;

2) корпоративтік басқару кодексін, сондай-ақ оған өзгерістер мен толықтыруларды әзірлеуді қамтамасыз етеді;

3) Қорда ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару рәсімін әзірлейді және оларды төмендету бойынша тиісті шаралар қабылдайды, сондай-ақ Қордың нормативтік құжаттарына сәйкес тәуекелдерді басқару бойынша есептерді уақтылы дайындауды қамтамасыз етеді;

4) Қордың Директорлар кеңесіне Қордың даму жоспарын, Қор қызметін дамытудың стратегиялық бағыттары жоспарын іске асыру туралы жыл сайынғы есеп ұсынады;

5) Жалғыз акционерге Қордың қаржы-шаруашылық қызметіне жүргізілген тексерулердің нәтижелері туралы ақпаратты ұсынады;

6) белгіленген тәртіпте корпоративтік қақтығыстарды реттеуді жүзеге асырады;

7) қызметтік іссапарларға жіберілетін Қордың жұмыскерлеріне шығыстарды өтеу тәртібін және шарттарын айқындайды;

8) Қордың Директорлар кеңесін Қордағы тәуекелдерді басқару жүйесіндегі айтарлықтай жетіспеушіліктер туралы уақтылы хабарлайды;

9) Қордың қызметін ұйымдастыру мақсатында Қордың ішкі құжаттарын бекітеді;

10) Қордың штат кестесін Қордың Директорлар кеңесі бекіткен лауазымдық жалақылардың схемаларын, Қордың ұйымдастырушылық құрылымын және жұмыскерлерінің штат санын ескере отырып бекітеді;

*Ескерту. ҚР Денсаулық сақтау министрінің 06.08.19 ж. № 431 (осы бұйрық Қордың жалғыз акционерінің шешімі болып табылады және қол қойылған күннен бастап күшіне енеді) бұйрығына сәйкес 113-тармақтың 10) тармақшасына өзгерістер енгізілген.*

11) Қордың даму жоспары шеңберінде Қордың нақтыланған бюджетін бекітеді (егер нақтыланған бюджет болса);

12) Қор қызметін дамытудың стратегиялық бағыттары жоспарын, даму жоспарын іске асыруды ұйымдастырады, сондай-ақ олардың орындалуына жауапты болып табылады;

13) Қордың қаржылық жағдайын бақылауды жүзеге асырады;

14) әрбір тексеру нәтижелері бойынша Ішкі аудит қызметінің аудиторлық есебін талдайды және Қордың Директорлар кеңесіне анықталған кемшіліктерді жою бойынша тиісті шараларды қабылдау бойынша ұсыныстар береді;

15) ақпараттың сақталуын және Қор туралы ішкі ақпаратты (жария емес) қорғауды қамтамасыз етеді;

16) мәселелерді алдын ала қарайды және Қор Директорлар кеңесінің және Жалғыз акционерінің қарауына шығаруды қамтамасыз етеді.

16-1) тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде немесе міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық көрсетілетін қызметтерді сатып алу жоспарын, сондай-ақ оған өзгерістерді бекіту;

*Ескерту. ҚР Денсаулық сақтау министрінің 16.02.21 ж. № 72 (осы бұйрық Қордың жалғыз акционерінің шешімі болып табылады және қол қойылған күннен бастап күшіне енеді) бұйрығына сәйкес 113-тармақ 16-1) тармақшасымен толықтырылды.*

17) Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Қордың жарғысымен Қордың басқа органдарының құзыретіне жатқызылмаған мәселелер бойынша шешім қабылдайды.

114. Басқарма Қордың Директорлар кеңесіне олар өздеріне жүктелген функцияларды орындау кезінде Қордың қызметі туралы ақпаратты, сондай-ақ қажетті түсіндірмелерді және ережелерді өтінішті алған сәттен бастап он (10) күннен кешіктірмей уақтылы ұсынуды қамтамасыз етеді.

115. Қордағы қауіптерді басқару мәселелері бойынша шешімдерді жедел қабылдау мақсатында консультативтік-кеңесші орган - Қор Басқармасының жанынан Тәуекелдер жөніндегі комитет құрылады. Тәуекелдер жөніндегі комитетті қалыптастыру және жұмыс тәртібі, сондай-ақ оның сандық құрамы Қордың ішкі құжаттарымен белгіленеді.

116. Басқарма Қордың Директорлар кеңесін өзінің функцияларын толық орындау үшін қажетті ресурстармен Қордың бюджеті шеңберінде қамтамасыз ету үшін жауап береді.

## **20. Қор Басқармасы қызметінің тәртібі**

117. Қор Басқармасының отырысы қажеттілігіне қарай шақырылады. Қор Басқармасының кезектен тыс отырыстары Қор Басқармасы төрағасының бастамасы немесе Қор Басқармасы басқа мүшелерінің бастамасы бойынша, сондай-ақ Қордың Ішкі аудит қызметімен шақырылуы мүмкін.

Қор Басқармасының мүшелері Басқарма отырысының күн тәртібі мәселелері бойынша ақпаратты алдын ала алады.

118. Басқарма өзінің отырыстарын ашық дауыс беру нысанында өткізеді. Сырттай дауыс беру нысанына ерекше жағдайларда Қор Басқармасы төрағасының шешімі бойынша рұқсат етіледі.

119. Қор Басқармасының отырысы оған мүшелерінің кемінде жартысы қатысқан жағдайда заңды болып есептеледі. Қор Басқармасының шешімдері отырысқа қатысушы Қор Басқармасы мүшелерінің жай көпшілік даусымен қабылданады. Дауыс беру кезінде Қордың Басқармасы әрбір мүшесі бір дауысқа ие болады. Дауыстар саны тең болған жағдайда, Қордың Басқармасы төрағасының даусы шешуші болып табылады.

120. Қор Басқармасының отырысында хаттамалар жүргізіледі, оларға осы отырыста қатысып отырған Қор Басқармасының барлық мүшелері қол қояды. Қор Басқармалары отырыстарының хаттамаларын жүргізуді Қор Басқармасының хатшысы қамтамасыз етеді.

121. Қор Басқармасының қарауына мәселелерді шығару құқығы Қор Басқармасының мүшелеріне, Қордың Ішкі аудит қызметіне тиесілі.

## 21. Қордың басқармасы төрағасының өкілеттіктері

122. Қор Басқармасының жұмысына тікелей басқаруды Қор Басқармасының төрағасы жүзеге асырады.

Қор Басқармасы төрағасының атқарушы орган басшысының немесе атқарушы органның, басқа заңды тұлғаның функцияларын жүзеге асыратын адамның лауазымын атқаруға құқығы жоқ.

123. Қор Басқармасының төрағасы өз құзыреті шеңберінде:

1) Жалғыз акционердің және Қордың Директорлар кеңесінің шешімдерін орындауды ұйымдастырады;

2) Қордың атынан өзінің үшінші тұлғалармен қарым-қатынастарында сенімхатсыз іс-қимыл жасайды, шарттар жасасады;

3) өзінің үшінші тұлғалармен қарым-қатынастарында Қордың атынан өкілдік ету құқығына сенімхаттар береді;

4) Қордың қызметкерлерін (Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген жағдайларды қоспағанда) қабылдауды, ауыстыруды және қызметінен босатуды жүзеге асырады;

5) Қордың қызметкерлеріне көтермелеу шараларын және тәртіптік жаза қолданады;

6) Қор қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтарын бекітеді;

7) Қор Басқармасының, Ішкі аудит қызметінің құрамына кіретін қызметкерлерді және Корпоративтік хатшыны қоспағанда, Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қордың ішкі құжаттарына сәйкес, еңбекақы төлеу қоры шегінде Қор қызметкерлеріне еңбекақы төлеу және сыйлықақы беру мәселелерін шешеді;

8) өзі болмаған жағдайда өзінің міндеттерін орындауды Қор Басқармасының мүшелерінің біріне жүктейді;

9) Басқарма мүшелерінің арасында міндеттерді, өкілеттіктер мен жауапкершілік аясын бөледі;

10) Қордың құрылымдық бөлімшелері туралы ережелерді бекітеді;

11) Басқарманың жұмысын ұйымдастырады, оның отырыстарында төрағалық етеді;

12) Қордың Жалғыз акционерімен шетелдік іссапарларын келіседі;

*Ескерту. ҚР Денсаулық сақтау министрінің 16.02.21 ж. № 72 (осы бұйрық Қордың жалғыз акционерінің шешімі болып табылады және қол қойылған күннен бастап күшіне енеді) бұйрығына сәйкес 123-тармақтың 12) тармақшасына өзгеріс енгізілген.*

13) жылдық қаржылық есептілікті жүзеге асыратын аудиторлық ұйымның ұсынымдарын, сондай-ақ Қор Ішкі аудит қызметінің ұсынымдарын орындауды қамтамасыз етеді;

14) Қордың меншігіне қатысты заңсыз әрекеттерді тудыратын себептер мен жағдайларды анықтау бойынша жұмысты ұйымдастырады;

15) орпоративтік қақтығыстарды реттеу жұмысына қатысады және Қордың ішкі құжаттарымен айқындалған тәртіппен корпоративтік қақтығыстарды реттеуді жүзеге асырады;

16) Қордың жылдық қаржылық есептілігін жүзеге асыратын аудиторлық ұйыммен шарт жасасады;

17) Қазақстан Республикасының заңнамасымен, осы Жарғымен, Қор Жалғыз акционері мен Директорлар кеңесінің шешімдерімен белгіленген өзге функцияларды жүзеге асырады.

124. Қор Басқармасы төрағасының шешімдерді қабылдауы бұйрықтар мен өкімдер шығару арқылы жүзеге асырылады.

125. Қор Басқармасының төрағасы Қордың Директорлар кеңесінің құрамына сайланған жағдайда, Қордың Директорлар кеңесіндегі жұмысы үшін сыйақы алмайды.

## **22. Қордың Ішкі аудит қызметі**

126. Қордың қаржы-шаруашылық қызметін бақылауды, Қордың қызметін жетілдіру мақсатында ішкі бақылау, тәуекелдерді басқару жүйесі саласында бағалауды, корпоративтік басқару және консультация беру саласында құжаттарды орындауды жүзеге асыру үшін Ішкі аудит қызметі құрылады. Қордың Ішкі аудит қызметінің қызметкерлері Қордың Директорлар кеңесі мен Басқармасының құрамына сайлана алмайды.

127. Қордың Ішкі аудит қызметі Қордың Директорлар кеңесі белгілеген тәртіппен:

1) Қордың Директорлар кеңесіне Қордың қызметі туралы тәуелсіз объективті ақпарат ұсынады;

2) бағалауды жүргізеді, кеңес береді және жүйелі және бірізді әдісті пайдалана отырып, тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және корпоративтік басқару үрдістерін жетілдіруге ықпал етеді;

3) Қордың Ішкі аудит қызметі туралы ережеге сәйкес өзінің құзыретіне кіретін өзге функцияларды жүзеге асырады.

128. Қордың Ішкі аудит қызметі Қордың Директорлар кеңесіне есеп береді. Ішкі аудит қызметіне жетекшілікті Қор Директорлар кеңесінің Ішкі аудит жөніндегі комитеті жүзеге асырады. Қордың Ішкі аудит қызметінің міндеттері мен функциялары, оның құқықтары мен жауапкершілігі, сондай-ақ жұмыс тәртібі Қордың Директорлар кеңесі бекітетін Қордың Ішкі аудит қызметі туралы ережемен айқындалады.

129. Қор мен Ішкі аудит қызметі қызметкерлерінің арасындағы еңбек қатынастары Қазақстан Республикасының заңнамасымен, осы Жарғымен және Қор Басқармасының төрағасы мен Қордың Ішкі аудит қызметі қызметкерлерінің арасында жасалған шарттармен реттеледі.

130. Ішкі аудит қызметі басшысының басқа ұйымдарда немесе басқа ұйымдардың органдарында жұмыс істеуіне және лауазымды атқаруына Қор Директорлар кеңесінің келісімімен ғана рұқсат етіледі.



## **23. Корпоративтік хатшы**

131. Корпоративтік хатшы – Қордың Директорлар кеңесінің немесе Қор Басқармасының мүшесі болып табылмайтын Қордың қызметкері, оны Қордың Директорлар кеңесі тағайындайды және ол Қордың Директорлар кеңесінің алдында есеп береді.

132. Корпоративтік хатшыға Қор органдарының және лауазымды адамдарының Қор Жалғыз акционерінің құқықтары мен мүдделерін қамтамасыз етуге бағытталған рәсімдерді сақтауын, сондай-ақ Қордың Қазақстан Республикасының корпоративтік басқару саласындағы заңдарының ережелері мен нормаларын, осы Жарғының ережелерін және Қордың өзге ішкі құжаттарын сақтауын қамтамасыз ету жүктеледі.

133. Корпоративтік хатшы сондай-ақ Қор органдарының арасында ақпаратпен тиімді алмасуға жәрдемдеседі және Қор Директорлар кеңесінің және Қор Басқармасының мүшелері үшін барлық басқару мәселелері бойынша кеңесші функцияларын орындайды. Қордың корпоративтік хатшысы Қор Директорлар кеңесінің отырыстарын дайындауға және өткізуге бақылауды жүзеге асырады, Қор Директорлар кеңесінің отырыстарына материалдарды қалыптастыруды, оларға қолжетімділікті қамтамасыз етуге бақылау жүргізуді қамтамасыз етеді.

134. Корпоративтік хатшы Қордың Директорлар кеңесі мүшелерінің дәл және нақты ақпаратты уақтылы алуын қамтамасыз етеді.

135. Корпоративтік хатшының құзыреттері мен қызметі белгіленген тәртіпте Қордың Директорлар кеңесі бекітетін Корпоративтік хатшы туралы ережемен және Қордың ішкі құжаттарымен айқындалады.

136. Корпоративтік хатшының басқа ұйымдарда немесе басқа ұйымдардың органдарында жұмыс істеуіне және лауазымды атқаруына Қор Директорлар кеңесінің келісімі бойынша рұқсат етіледі.

137. Қор мен Корпоративтік хатшының арасындағы еңбек қатынастары Қазақстан Республикасының заңнамасымен, осы Жарғымен және Қор Басқармасы төрағасы мен Корпоративтік хатшының арасында жасалған шартпен реттеледі.

## **24. Қордың лауазымды тұлғалары қызметінің жалпы қағидаттары**

138. Қордың лауазымды тұлғалары (Төрағаны қоса алғанда, Қордың Директорлар кеңесінің мүшелері, Қор Басқармасының төрағасын қоса алғанда, Қор Басқармасының мүшелері):

1) корпоративтік қақтығыстарды және мүдделер қақтығыстарын болдырмай, Қордың және Жалғыз акционердің мүддесі үшін өздеріне жүктелген міндеттерді адал және дұрыс, тиісті қамқорлықпен және сақтықпен орындайды;

2) өзінің қызметін Қазақстан Республикасының заңдарының, корпоративтік басқару кодексінің талаптарына, этикалық нормалар мен іскерлік этиканың жалпы қабылданған нормаларына толық сәйкестігін қамтамасыз етеді;

3) Қордың мүлігін және активтерін Қордың Жарғысына және Қор Жалғыз акционері мен Директорлар кеңесінің шешімдеріне қайшы пайдаланбауы немесе оларды пайдалануға жол бермеуі қажет;

4) тәуелсіз аудитті жүргізуді қоса алғанда, менеджмент жүйесінің, бухгалтерлік есепке алу және қаржылық есептілік жүйелерінің тұтастығын қамтамасыз етуге міндетті;

5) Қазақстан Республикасы заңнамасының, Корпоративтік басқару кодексі мен Қордың ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес Қордың қызметі туралы ақпараттың ақпараттың ашылуы мен ұсынылуын бақылайды;

6) не өзіне, не басқаларға қатысты корпоративтік қақтығыстардың туындауы мүмкін жағдайларға жол бермеуге міндетті;

7) Корпоративтік хатшыны корпоративтік қақтығыстың туындауы туралы уақтылы хабарлайды;

8) Қордың ішкі құжаттарымен өзгеше белгіленбесе, Қордың қызметі туралы ақпараттың құпиялылығын, соның ішінде Қордағы жұмысы тоқтаған сәттен бастап 3 (үш) жыл бойы сақтайды.

139. Қордың лауазымды тұлғалары өздерінің әрекеттерінен және (немесе) әрекетсіздігінен келтірілген зиян үшін, оның ішінде:

1) қателесуге әкеліп соқтыратын ақпарат немесе көрінеу жалған ақпарат берудің;

2) «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының заңымен белгіленген ақпарат беру тәртібін бұзудың нәтижесінде олардың пайда (кіріс) алу мақсатында келтірілген залал үшін Қор мен Жалғыз акционер алдында Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген тәртіпте жауап береді.

## **25. Есеп және есептілік**

140. Бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті беру тәртібі Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасымен және халықаралық қаржылық есептілік стандарттарымен белгіленген тәртіппен Қордың өз қаражаты мен активтері бойынша жеке жүзеге асырылады.

141. Қор бухгалтерлік есепте және есептілікті жасау кезінде қолданатын құжаттарды есепке алуды және олардың сақталуын қамтамасыз етуге міндетті. Сақтауға жататын негізгі құжаттардың тізбесі және оларды сақтау мерзімі Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленеді.

142. Басқарма белгіленген тәртіпте жылсайын Жалғыз акционерге, оны талқылау және бекіту үшін аудиті Қазақстан Республикасының аудиторлық қызмет туралы заңнамасына сәйкес жүргізілген өткен жыл үшін қаржылық есептілік береді.

143. Қаржылық есептіліктен басқа, Қордың Басқармасы Жалғыз акционерге аудитордың ұсынымдарын (басшылыққа хат) қоса алғанда, аудиторлық есепті ұсынады.

## **26. Қордың аудиті**

144. Қордың жылдық қаржылық есептілігінің дәйектілігін, сондай-ақ оның істерінің ағымдағы жағдайын салыстыру және тексеру үшін Қор жылдық қаржылық есептіліктің аудитін жүргізеді.

145. Қордың жыл сайынғы аудиті қаржылық жылдың қорытындылары бойынша ол аяқталғаннан кейін Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте және мерзімдерде және Қордың Жалғыз акционерінің шешімдерімен жүргізіледі.

146. Қордың аудиті Қор Директорлар кеңесінің, Қор Басқармасының бастамасы бойынша Қордың есебінен немесе Қор Жалғыз акционерінің талабы бойынша оның есебінен жүргізілуі мүмкін, бұл ретте Қордың Жалғыз акционері аудиторлық ұйымды өзі тағайындауға құқылы. Қор Жалғыз акционерінің талабы бойынша аудитті жүргізген жағдайда, Қор аудиторлық ұйым сұратқан барлық қажетті құжаттаманы (материалдарды) ұсынуға міндетті.

Басқарма ұсынылатын ақпараттың толықтығы мен дәйектілігі үшін жауап береді.

147. Егер Қордың Басқармасы Қордың аудитін жүргізуден бас тартса, аудит кез келген мүдделі адамның талабы бойынша соттың шешімімен тағайындалуы мүмкін. Қор жыл сайын бұқаралық ақпарат құралдарында жылдық бухгалтерлік балансты, капиталдағы барлық өзгерістерді көрсететін есепті, ақша қаражатының қозғалысы туралы есепті және пайда мен залалдар туралы есепті белгілеген мерзімде жариялауға міндетті.

## **27. Қордың ақпаратты жария етуі**

148. Қор өзінің Жалғыз акционерінің жазбаша өтініші бойынша Қордың қызметі туралы, сондай-ақ Жалғыз акционердің мүдделерін қозғайтын кез келген ақпаратты Жалғыз акционерге хабарлайды. Жалғыз акционердің өтініші журналда немесе Қордың кіріс/шығыс құжаттарын есепке алудың тиісті жүйесінде тіркелуі тиіс.

149. Қордың қызметі туралы, сондай-ақ Жалғыз акционердің мүдделерін қозғайтын кез келген ақпаратты ұсыну және оның тізбесі «Акционерлік қорлар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 79-тармағына және Қордың ішкі құжаттарына сәйкес айқындалады.

Акционерге сотта корпоративтік дау бойынша іс қозғалғаны туралы ақпарат Қор корпоративтік дау бойынша азаматтық іс бойынша тиісті сот хабарламасын (шақыруын) алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде берілуге тиіс.

*Ескерту. ҚР Денсаулық сақтау министрінің 16.02.21 ж. № 72 (осы бұйрық Қордың жалғыз акционерінің шешімі болып табылады және қол қойылған күннен бастап күшіне енеді) бұйрығына сәйкес 149-тармақтың екінші бөлігіне өзгеріс енгізілген.*

150. Қор ақпаратты жария етуді Қордың веб-сайтында (оның ішінде Республикалық баспасөз басылымдарын пайдаланумен) және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасына сәйкес айқындалған тәртіппен қаржылық есептілік депозитаріінің интернетресурсында жариялайды.

Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айқындалған қаржылық есептілік депозитарийі интернет-ресурсында уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерімен белгіленген тәртіпте және мерзімдерде корпоративтік оқиғалар, Қордың жылдық қаржылық есептілігі және аудит есептері туралы, сондай-ақ жыл қорытындысы бойынша атқарушы органның мүшелеріне берілген сыйақының жиынтық мөлшері туралы ақпарат орналастырылады.

151. Қор қызметтік немесе коммерциялық құпияны құрайтын ақпаратын білетін Қордың қызметкерлерінің тізімін міндетті түрде жүргізуді қамтамасыз етеді. Жалғыз акционердің Жарғының осы тармағында көрсетілген ақпаратты немесе құжаттардың көшірмелерін беру туралы өтініші бойынша Қор өтінішті алған сәттен бастап 10 (он) күнтізбелік күннен кешіктірмей белгіленген тәртіпте сұратылған ақпаратты жібереді.

152. Қордың өз қызметіне қатысты құжаттары оның қызметінің бүкіл мерзімі ішінде Басқарма орналасқан жерде сақталады.

Сақтауға «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 80-бабының 1-тармағында көрсетілген құжаттар жатады.

Өзге құжаттар, оның ішінде Қордың қаржылық есептілігі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленген мерзім ішінде сақталады.

## **28. Қорды қайта ұйымдастыру және тарату**

153. Қор Жалғыз акционердің шешімі бойынша немесе Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген негіздемелер бойынша қайта ұйымдастырылуы немесе таратылуы мүмкін.

154. Қорды қайта ұйымдастыру немесе тарату тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.


## **29. Қорытынды ережелер**

155. Осы Жарғымен реттелмеген барлық жағдайда Қор Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін басшылыққа алады.

156. Қазақстан Республикасының заңнамасында Қордың Жарғысына өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізу қажеттілігіне әкеп соғатын өзгерістер және/немесе толықтырулар болған жағдайда Жарғыға тиісті өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізілгенге дейін заңнама нормалары қолданылады.

157. Осы Жарғы Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен оны мемлекеттік тіркеген күннен бастап күшіне енеді.

**Қазақстан Республикасы Қаржы  
министрлігі Мемлекеттік мүлік  
және жекешелендіру комитетінің төрағасы**



**Э. Өтепов**



Республика Казахстан, город Астана, девятнадцатое сентября две тысячи шестнадцатого года.

Я, Байшолокова Шолпан Туkenовна, нотариус города Астаны, действующий на основании государственной лицензии №0000958, выданной Министерством юстиции Республики Казахстан 21.12.2001 года, свидетельствую подлинность подписи Председателя Комитета государственного имущества и приватизации Министерства финансов Республики Казахстан Утепова Эдуарда Карловича, которая сделана в моем присутствии. Личность представителя установлена, полномочия его и дееспособность проверены.

Зарегистрировано в реестре за № 2413

Взыскано:

Нотариус \_\_\_\_\_

